

## Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 18 маусымдағы № 6 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 маусымда № 9284 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Науырзым аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2020 жылғы 29 мамырдағы № 01-20/190 ұсынысы негізінде Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысы Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округінің Қараменді ауылында орналасқан К. А. Буртаевтың жеке ауласының аумағындағы ірі қара малдың құтырығы бойынша шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округі әкімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2020 жылғы 31 наурыздағы № 2 шешімінің (2020 жылғы 10 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9096 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Науырзым ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қараменді ауылдық округінің әкімі*

*С. Байдильдинов*